



БҰЙРЫҚ

04.08.2022 г.

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *43*

город Нур-Султан

**«Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 жылғы жылдық қаржы
есептілігін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысының 11.2-тармағының 4) тармақшасына және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 6 маусымдағы отырысының № 02/22 хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоғамның (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 85, «Алматы» қонақ үйі, БСН: 190440027002, ЖСК: KZ068562203110639619, БСК: KСJBKZKX) 2021 жылғы жылдық қаржы есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның Басқарма төрағасы Е.М. Қосубаев:

1) жылдық қаржы есептілігі бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілікті жүргізу жөніндегі депозитарийге жіберілуін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Қоғамның 2021 жылғы жылдық қаржы есептілігі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Есепті 2021 жылда Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне Жалғыз акционердің өтінімдері түспегендігі атап өтілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіз: «KazConsultingKz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Қоғамның жылдық қаржы есептілігіне жүргізілген аудиттің 2022 жылғы 11 мамырдағы қорытындысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № КГИП-03-КГ/6025 келісім хаты.

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитетінің төрағасы**



Р. Кәрібжанова